

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ
ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК**

Бекітілді
Байқау кеңесі шешімімен
«30» қазан 2018 жылығы №1 хаттамамен
Төраға С. Данияров



**БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Ақтөбе 2018ж.

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК		ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»	
Сапа менеджмент жүйесі			
АМК-СМЖ 01.03	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00	бет.- 2 -8

1 Жалпы ереже

1.1 Осы денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы байқау кеңесі туралы ереже «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнындағы байқау кеңесінің (бұдан әрі-Байқау кеңесі) қызметі мен мәртебесін айқындайды.

1.2 Байқау кеңесі денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарды (бұдан әрі — ШЖҚ МКК) құру кезінде қарастырылады немесе Ақтөбе облысы әкімдігінің тиісті қаулысының негізінде денсаулық сақтау саласындағы ШЖҚ МКК-да енгізіледі.

1.3 Байқау кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК Жарғысын, осы Ережені және басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

1.4 Байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болуға әрі бір-бірімен және ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын 5 адамнан құрылуға тиіс. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысын қоспағанда, байқау кеңесінің мүшелері ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК жұмыскерлерінің штатына кірмейді.

1.5 Байқау кеңесінің құрамына жергілікті атқарушы органның өкілі, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысы кіреді. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК-ның басшысы Байқау кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

1.6 Байқау кеңесінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеуден өткізу және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен бекітіледі.

<p>«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Сапа менеджмент жүйесі			
АМК-СМЖ 01.03	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00	бет.- 3 -8

1.7 Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесі мүшелері арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен сайланады.

1.8 Байқау кеңесінің төрағасы:

1.8.1 Байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және Байқау кеңесі шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

1.8.2 Байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

1.8.3 Байқау кеңесі отырыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;

Байқау кеңесі атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

1.8.4 Байқау кеңесінің ұстанымын ұсынады және уәкілетті органның алдында

Байқау кеңесінің қызметі туралы, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК жалпы жағдайы туралы және ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қабылданған шаралар туралы есеп береді. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Байқау кеңесі шешімімен анықталған басқада қызметтерді жүзеге асырады.

1.9 Байқау кеңесі Байқау кеңесі төрағасының орынбасарын сайлауға құқылы.

1.9.1 Байқау кеңесінің мүшелері:

1.9.2 отырыстарға қатысады;

1.9.3 өз қызметін орындау үшін қажетті, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қызметі туралы толық және нақты ақпаратты алады. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК құжаттарымен танысады, құжаттардың, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелер мен өңірлік филиалдар құжаттарының көшірмелерін алады;

1.9.4 Байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырады;

1.9.5 Байқау кеңесінің шешіміне жазбаша түрде ескерту ұсынады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК Жарғысында және осы Ережеде қарастырылған өзге де құқықтарды жүзеге асырады.

1.10 Байқау кеңесінің хатшысы ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қызметкері болып табылады және Байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

1.10.1 Байқау кеңесінің хатшысы:

1.10.2 Байқау кеңесіне есепті;

1.10.3 Байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша Байқау кеңесінің мүшелерін Байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарын өткізу туралы хабардар етеді;

1.10.4 Байқау кеңесінің мүшелері мен төрағасын Байқау кеңесі мүшелерінің

<p>«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК</p>		<p>ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»</p>	
Сапа менеджмент жүйесі			
АМК-СМЖ 01.03	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00	бет.- 4 -8

олардың міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар қажетті ақпараттармен және құжаттамалармен қамтамасыз етеді;

1.10.5 Байқау кеңесіне жіберілген хат-хабарды тіркеуді жүзеге асырады және тиісті жауаптарды дайындауды ұйымдастырады;

1.10.6 Байқау кеңесі және Байқау кеңесінің төрағасы берген құжаттарды рәсімдейді және оларды Байқау кеңесі мүшелеріне және басқа да ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басқару органдарының лауазымды тұлғаларына, уәкілетті органға ұсынуды қамтамасыз етеді;

1.10.7 Байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

1.10.8 сырттай дауыс беру жолымен Байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы Байқау кеңесі мүшелерін хабардар етеді;

1.10.9 Байқау кеңесі мүшелеріне, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақытылы жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдайды;

1.10.10 Байқау кеңесі қызметінің есебін құрайды

1.11 Байқау кеңесінің уәкілетті органы - Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүзеге асыратын «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) болып табылады. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижесі бойынша уәкілетті орган Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысы мен мемлекеттік қызметші болып табылатын Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді. Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қаражаты есебінен төленеді.

1.12 Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және Байқау кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау тәртібі «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №115 бұйрығымен анықталады.

1.13 Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттілігі Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы Байқау кеңесінің шешіміне сәйкес оның жазбаша өтініші негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

1.14 Байқау кеңесінің мүшесіне өз дауысын Байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруге рұқсат етілмейді.

1.15 Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда Байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда рәсімделеді және Байқау кеңесінің барлық мүшелерімен қол қойылады.

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК		ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»
Сапа менеджмент жүйесі		
АМК-СМЖ 01.03	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00 бет.- 5 -8

1.16 Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алуға тиіс.

Байқау кеңесінің мүшелеріне шешімдер қабылдаған кезде жеке мүддесін көздеуіне, сондай-ақ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсаттарында пайдалануына тыйым салынады.

2 Байқау кеңесінің өкілеттілігі

2.1 Байқау кеңесінің мынадай өкілеттіліктері бар:

2.1.1 уәкілетті органға ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК даму жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2.1.2 даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК-ның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекітеді;

2.1.3 демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

2.1.4 бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

2.1.5 ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

2.1.6 Ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаражаты көздерінен ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларына үстемақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

2.1.7 Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттілік мерзімін және

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК		ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»	
Сапа менеджмент жүйесі			
АМК-СМЖ 01.03	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00	бет.- 6 -8

жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

2.1.8 уәкілетті органға ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

2.1.9 ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2.1.10 уәкілетті органға ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

2.1.11 уәкілетті органға ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК-ның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

3 Байқау кеңесі мүшелеріне ақпаратты ұсыну тәртібі

3.1 Байқау кеңесі мүшелерінің талап етуі бойынша ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК құрылымдық бөлімшелері Байқау кеңесінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат ұсынады.


3.2 Ақпаратты ұсыну туралы талап ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысына ШЖҚ МКК орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарламада талап етілетін ақпаратқа немесе талап етілетін құжатқа сілтеме қамтылуы тиіс.

3.3 ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК басшысы Байқау кеңесі мүшелеріне Байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай бойынша сұратылған ақпарат құпия болып табылмаса, Байқау кеңесі мүшелеріне сұратылып отырған ақпарат пен құжаттарды үш жұмыс күннен кем емес мерзімде береді.

3.4 Құпия сипаттағы бухгалтерлік және басқа да ақпаратпен Байқау кеңесінің мүшелері бес жұмыс күн бұрын ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК атқарушы органың осы туралы жазбаша хабарлаған соң, ШЖҚ МКК-ның орналасқан жерінде танысуға құқылы.

4 Байқау кеңесі, мүшелерінің жауапкершілігі

4.1 Байқау кеңесінің мүшелері өздерінің іс-әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК		ГКП «Актюбинский Высший медицинский колледж имени героя Советского Союза Маншук Маметовой» на ПХВ ГУ «Управление здравоохранения Актюбинской области»
Сапа менеджмент жүйесі		
АМК-СМЖ 01.03.	Байқау кеңесі туралы ереже	Өзгеріс 00 бет.-7-8

медициналық колледжі» МКК залалға ұшырауына әкеп соқтыратын зиян үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ШЖҚ МКК мен уәкілетті органы (жергілікті атқарушы орган) алдында жауаптылықта болады.

4.2 Байқау кеңесінің төрағасы Байқау кеңесі отырыстарының хаттамалары мен материалдарында қамтылған ақпараттың толықтығы мен дұрыстылығына жауапты болады. Көрінеу жалған және дәйексіз ақпарат ұсынған жағдайда, Байқау кеңесінің төрағасы тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

4.3 Байқау кеңесінің мүшелері Байқау кеңесі қабылдаған ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК залалға ұшырауына әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

5 Қорытынды ережелер

5.1 Байқау кеңесі өз қызметін мынадай негіздер бойынша тоқтатады:

5.1.1 ол соның негізінде құрылған ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қызметі тоқтатылған күннен бастап;

5.1.2 жергілікті атқарушы органның шешімі жағдайында;

5.1.3 олар құрылатын ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК қойылатын өлшемдерге сәйкес келмеген жағдайда.

5.2 Жаңа ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК құрылғаннан кейін екі айдан кешіктірмей осы Ережеге сәйкес онда Байқау кеңесі құрылады.

Құрастырған:

Байқау кеңесі хатшысы



Л.Абдуллина

Келісілді:

1. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысының ересектерге медициналық көмек көрсету бойынша орынбасары



Г. Мамбетжанова

2. ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК директоры



М.Кузбаков

2. ШЖҚ «Медициналық жедел жәрдем ауруханасы» МКК бас дәрігері



С. Капанов

4. ШЖҚ «№1 қалалық емханасының» МКК бас дәрігері



М. Биханов